

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Кисе Курокаваның қоңыр мұңы

Арқаның бірде былт, бірде сылт құбылған қара күзі әуеге жабағы жапқандай жыртық көңілді бүрістірген, дым бүріккен қараша айы. Ол кезде Ұлттық банк мұражайының директорымын. Білейінші, көрейінші, бұл алып бара жатқан не қылған үдеріс дегендей, іссапармен Астанаға келген бетім. Ол кезде Арқа төсіндегі, жабағы бұлттың астындағы, мидай жазыққа тентек бала шашып жіберген асық секілді шағын қала Ақмола деп аталатын.

Қазіргі Бейбітшілік көшесінің бас жағындағы жеті қабатты зәулім үй – республикадағы лауазым иелерінің кеңсесі; күншығыс беттегі жаңадан жапсарласа салынған қосымша ғи - мараттың төменгі қабатында сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев отырады. Кіріп барғанда көз тоқтатар ерекше жайт: бөлменің күншығыс, түстік беті түгел кітап сөресі, сөре толы кітап. «Мынаның бәрін оқып тауыстың ба?» дейсіз таңғалғаныңызды жасыра алмай. Әбіш: «Бір жобасын бітірдік қой», деп жауап береді.

– Жапон сәулетшісі Кисе Курокава есімді кісі, – деп таныстырған Әбіш, бірінші қабатта топырлаған журналист ағайындардың арасынан шашы жалбыраған, орта бойлы бір кісіні нұсқайды. – Президенттің қабылдауына кірмекші қазір. Әзірге журналистермен сөйлесіп тұрған беті.

Алдында ғана дүмеген көп журналистің бірі ғой деп менсінбей тұрғам. Әлгі кісінің жанына тақап сәлемдесудің сәті түсті. Сәулетші басын изеп сәлем мезіретін жасады.

Бір кездері өзіме қажеті болмасадағы Ұлттық кітапханадан «Жапон сәулетшілері» атты анықтамалық жинақты сұрап алып, оқып шыққаным бар еді. Баршаға мәлім, Жапония жартылай суда тұрған ел. Жыл сайын халық саны көбейіп, құрғақ жерге сыймай, «енді қайтеміз?» дегенде, көп сәулетшілерден сол кездегі бойы, ойы озып: «Келешек Токионы теңіз үстіне саламыз», деген сөзді алғашқы айтқан тап осы шашы жалбыраған, орта бойлы, мығым денелі, тұнжыр қабақты кісі болатын.

Көз алдыңызға елестетіп көріңізші.

Қазақ ақыны Жарасқан Әбдірашев өмірінің соңында тап осылай шашын жалбыратып, қалталанған джинсы маталы шалбар, қоқырайған масаты қалпақ киіп

жүретін. Қазақ ақыны ақсары болатын. Ал бұл кісі бидай өнді. Аппақ қаланған тісін көрсетіп ақсиып күлген болады. Қазақ ақынынан айырымы сол ғана.

Тақап келіп, тілдесуге дәт қылдым. Тілмашы арық орыс қызы өзімнің ордашарқы сөзімді мүлдем теріс аударғанын кейін түсіндім. Диалог төмендегіше өрбіді.

Сұрағаным қазақ даласының кеңдігі туралы жапон сәулетшісінің ой-пікірі болатын. Кисе Курокава-сан төмендегіше төгілдірді.

– Тұнжырап жүруімнің себебі жапон сәулетшісі теңізбен күн сайын бетпе-бет ұшырасып қалады, теңіздің тұнжыры қабағыма ауысқан деп ойлаймын.

Шындығында Кисе Курокава-санның қабағы салыңқы. Күлмейді, созып сөйлейді, жымыиысы ауыр.

– Қазақ астанасын салуға қатысқаныңыз қуантады.

Тілмаш сөзімді теріс аударды, я болмаса өзінше жоба сызуға құмар. Жапон сәулетшісінің жауабы мүлде өзге кеңістіктен естілді.

– Даласы кеңнің адамдары да кең, тоқпейіл, дарқан келеді деп ойлаймын, – деді күле сөйлеген Курокава-сан.

Болса-болар деп ойладым. Тәуекел етіп үшінші мәрте сауал қоюға оқталдым.

– Дала мен теңізде ұқсастық бар деп ойлайсыз ба. Қазақ ақыны Абай теңіз мінезін ғажайып дәлдікпен, тірі суретпен жырлаған.

Бұл жолы тырақы тілмәш я сөзімді жете түсінбеді, я өзінше айдалаға лағып кетті. Сәулетшінің жауабы мүлде басқаша естілді. –

Өз басым Абайды оқыған емеспін. Шамалауымша, ақын ел мен ел арасындағы бауырластықты әдемі жырлаған болуы керек.

Мейлі деймін. Әйтеуір жер шетінен ұшып жеткен есімі әйгілі сәулетшімен жөпелдемеде бірер ауыз тілдесіп үлгердім. Дәтке қуат. Кейін сәулетші туралы қалам түртсем осы ұшырасу мүмкін кәдеге асып қалар деп ойладым. Уақыт зымырап өте берді.

Астананың алғашқы нобай-нұсқасын сызған сәулетші ағайындар туралы кейін «ЕҚ» газетіне «Сәулет серісі» деген мақалажаздым. Әйтсе-дағы дәл осы ұшырасу, тілдесу туралы толғанысты кейінге қалдырып кеттім. Ойлағам, дәм жазса Кисе Курокава-санмен әлі талай ұшырасудың, тілдесудің сәті түсер деп. Әлемге әйгілі сәулетшіні сол кезде, уақыты келгенде жеріне жеткізе жазармын, тебірентермін деп.

Адамда арман таусылған ба. Содан кейін жапон сәулетшісімен кездесудің сәті түспеді. Көп ұзамай КисеКурокавасан, дәлірек айтсақ, 2002 жылы өзінің талай таңды көзімен атырып сызған жүздеген нобай-сызбасын мына манайында жүрген тірілерге еншілеп, ешкімге міндетсімей, тәкаппарсымай, жарық дүниенің есігін ақырын ғана жауып, бақи жалғанға жөнеліп кетті. Азанаманы оқып көңілім пәсейіп қалды.

Әйтсе де, сол кездесудегі әсерім ұшан-теңіз.

Қазақ секілді. Осы жүрген далалықтар мен іштей, сырттай бір туыстығы бар-ау деп ойладым. Көптеген жапон сөзінің түбірі бір, ұқсас, дыбыстас. Фонетикалық құрылымның өзі таңдайға тепкен, қазақтың дыбыс үндестігі секілді сазды естіледі. Жапондардың ішінде жарты жыл тұрған қандасымыз арғы бір өңешінен лықсытып, сыбызғы шалғандай, таңдайға тебер дауыс ырғағын бұзбай – өзіме жапонша сөйлеп кететіндей болады да тұрады.

Өзімде Мұхтар Әуезовтің жапон еліне барған сапары туралы күнделігінің көшірмесі бар, мұның үстіне жапон жазушысымен бірге кимоно киіп, желпуіш ұстап түскен жалғыз суреті сақтаулы. Сәулеттегі Әуезов пен жапон жазушысының жандүниесінің бір пернеде үндесуіне, түсіністігіне, ұқсастығына таңғаламын. Екі тұлғаның жарық жалғандағы жаны бір туыстығына, жақындығына шәк келтіре алмаймын. Әрдайым іш тартып, бүйрегім бұрып тұрады.

Кисе Курокава-санның сөзі құлағымда әлі күнге жаңғырып тұрғандай.

– Астананы сол жағалауға, бос жатқан жазыққа салған ләзім.

Иероглиф-суреттің өзі ақ қағазға келісті түседі, деген сөзі жадымнан жуылмайды. Жымыып тұрса-дағы қабағындағы тұнжыр мұң тарқамайды.

Неге?.. Қалай?.. деген сауал көкейімнен кетпей қойғаны.

Сәулетшіде атақ па – бар, ақша ма – жетеді, халқы алақанына салып құрметтейді ме – иә, енді неге жігіттің қабағы еш ашылмайды. Менімше, халқының жанына батқан жара... кесел... үрей... ойлы адамның қабағына мұң болыпжұғып қалған. «Ойлыадамға қызық жоқ бұл жалғанда», деп хакім Абай айтқан сөз есіме оралды.

Жапон сәулетшісінің көз алдымда қалған кескін-келбеті – ең әуелі жұқа қабағы еді. Жұқа қабағы айна секілді. Кісінің арғы-бергісі түгел көрініп тұрады екен. Ақшыл маңдай, аққұба жүз, танау желбезегі жұпжұқа, күлкісі қосылып кеп шеңбер сызып, кісінің қабағын құрайды. Сол қабақтан дүниеге деген көзқарасы... қуанышы... ашынуы... жаманды жеркене тіксініп қабылдай алмауы... жақсының үстіне түсіп кете жаздап елпек қағуы... бәрі-бәрі, құп үйлесіп көрініс тапқаны ғажайып. Қуантады. Құп алғызады.

Сәулетшінің өзім байқаған екінші қыры: кішіпейілділігі. Кішіпейіл көңіл көбіне жүрегі таза адамдардың жан серігі. Көп жұрт кішіпейілділікті – қарапайымдыққа, қарапайымдықты жайдақтыққа жатқызып жүре жауап береді. «О, соны қойшы! Арғыбергісі түгел көрініп тұрады, жайдақ су секілді... кешіп өте беруге болады», дейді. Шын мәнінде, өз ойымша, кішіпейіл мінездің арғы жағында пәктік, періштелік, тазалық жатыр деп ойлаймын. Кішіпейіл кісі барша жұртты өзі секілді көреді, өзімсінеді. Өзім деп сөйлейді. «Өзім секілді артында зілі жоқ!.. бәрін сезіп-біледі... бәрін көтере жүреді», деп ойлайды. Мұндай кісілерді – алды кең, жолы болғыш, құдайы қарасқан адам деп атайды. Курокава-сан құдай қарасқан пенде болып елестеді.

Кисе Курокава-санның үшінші қыры: қолы ашық, жомарт жан. Бұл мінезін журналистерге берген қолтаңбасынан сездім. Әдетте атақты адамдар жөпелдемеде көлденең ұсынған қағазға «мұның жөні осылай екен», деп сойдақтатып қол қоя салады. Сонымен іс біттіге санайды. Өзім байқаған сәулетші әуелі қағаз ұсынған оппонентінің аты-жөнін сұрап, біліп алады, сосын барып қарындашын оңтайлайды. Әлгі журналистің есімін иероглифпен кескіндеуге тырысады. «Пәске жүріп өткен өмір жолының өзін қадірлей білетін қадым мінез иесі екен-ау», деп топшыладым өзімше. Мұндай кісілер уақытты алтын түйіршігі секілді салмақтап бағалайды. Өз уақытына ұқыпты адамдар ғана кезкелген ұшырасуды, тілдесуді, қолтаңба қоюды уақытша, өтті-кетті жайт деп карамайды. Өтті-кетті жайты жоқ адамдар ғана уақыттың қожасы.

Уақыттың қожасы ғана ұлылыққа бір табан жақын жүреді. Ұлылыққа жақындаған кісілер – ұлы болуға лайық! Ендеше мен танысқан Кисе Курокава-сан жиырмасыншы ығасырдың ұлы сәулетшісі. Ұлы болатыны – сендей тоғысып құрлыққа симай жатқан жапон астанасы Токионың келешек қанаты теңіздің үстіне салынуы керек деген тұжырым ұсынды. Нобай-нұсқасын сызды. Тағы ұлы болатыны – мидай жазық жазира даланың қиырына орнаған Астана жаңа бойлыққа, тосын ендікке, ақ қағазға көркем сызылған ақ шаңқан қала болғаны жөн деген уәлі сөзін айтты. Сол уәлі сөзді Елбасымыз құп көрді, қадым қазақ мақұлдады.

Төңкерілген аппақ бұлт астында, мидай жазық жәзира далада жаңа Астана осылайша бой көтерген еді...

Дүкенбай ДОСЖАН.